

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. Б.126-129

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ МЕН ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Мұқсымбек Т., 1-курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы Парламентінің әлем парламентарияларында жолдаған «XXI ғасыр-Бейбітшілік пен Адамгершілік ғасыры» қаулысында басты көзделген міндет-еліміздің тыныштығы мен ұрпақ тәрбиесіндегі әлемдік рухани ынтымақтастық, асыл қасиеттерімізді санаға сіңіріп, адамгершілік тұрғысынан болмысты түсіндіре отырып руханилыққа тәрбиелеу.

XXI ғасырдың табалдырығынан аттаған Қазақстан әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына, жалпы әлемдік, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени құрылымдарға кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер келер ұрпақтың білімді,білікті ұлтжанды, жоғары мәдени, биік адамгершілік пен рухани қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу- адамзат алдындағы ең басты міндеті. Ұлттықидеология дегеніміз-халықтың бүкіл елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, санасын ғасырлар бойы дамытып жетілдіру арқылы, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ережесі, ол сол халықтыңтілін, ділін, мемлекетін қалыптастыруға қызмет етеді [1,171б].

Демек ұлттық құндылықтарды игерген, рухани бай, өресі жоғары, білімді ел болашағынойлайтын тұлға қалыптастыру мәселесімен жұмыс істеу керек. Ең бастысы-тәрбиеге ерекше көңіл бөліп, білім беру. Мәселен, ғұлама ұлы бабамыз Әл-Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе, А.Байтұрсынов « Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз» негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет...» деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын атап өтеді. Ендеше осы қағидаларды біз әрқашан жадымызда ұстауымыз керек. Ең алдымен, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарды сыйлайтын, сүйетін тұлға тәрбиелеуге тырысуымыз қажет.

Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мы- салы, Қазақстанның ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздыңбойындағы, батырлық, ерлік дәстүрді тудырған. Отанын сүю, елін қорғау ер азаматтардың міндетіне кірген. Осыны ұрпақтың бойына сіңіре отырып, ұлттық идеология қалыптастырған. Сондықтан да халқымызды азаматтыққа, батырлыққа шешендікке,көрегендікке тәрбиелеу де ұлттық идеологияның міндеті.

Біздің билеріміз, жырауларымыз жырлап, үлгі тұтқан әділеттілік те халықтың шынайы қасиеті. Қазақ- ұлттық дәстүр дегенге ерекше мән беретін халық. Ата-баба әруағын сыйлау, оған жүгіну- ежелгі салтымыз. Дәстүрге халықтың әдет-салты, күнделікті тіршілігінің ауқымы, адамдардың қалыптасып үйренген мінез-құлқы бәрі де кіреді. Олар жинақтала келіп, ұлттық белгілерді анықтайды, ұлттық сипатты танытады. Өмір бір қалпында тұрмайды, жаңарып жалғасып жатады. Соған байланысты ой-сана, ұғым- түсінік, талғам жаңарады. Жаңарып өзгеріп жатқан қоғам, қоғамдық қатынастар дәстүрге белгілі дәрежеде әсер етеді. Оны өзгертуге, әлемдік көзқарастардың ырқына бағындыруға тырысады [2,4 б].

Әр халықтың бойында жаңаны қабылдау қасиетімен бірге кертартпалық та болады. Осы кертартпалық, ең алдымен, дәстүрге қатысты. Оны өзгертуге, әлемдік көзқарастардың ырқына бағындыруға тырысады. Әр халықтың бойында жаңаны қабылдау қасиетімен бірге кертартпалық та болады. Осы кертартпалық, ең алдымен, дәстүрге қатысты. Біз жаңаны қабылдай тұрып, ескі әдетті, мінез-құлықты, яғни дәстүрді сақтауға тырыса- мыз. Ұлттың ұлттылығын сақтау үшін дәстүрдің озық үлгілерін тұрақтандырып, ол үшін күресу қажеттігі де осыдан туады.

Қазақ халқының дамуында, қалыптасуында осы дәстүрлер идеологияның негізі болып табылады. Әсіресе, осы ұлттық идеологияның барлығына тән жері -бала тәрбиесі, соның ішінде қыз тәрбиесі. Олар халықтың үлкен тәрбиелік мәні бар, жолы өрісті, бірі мен бірі жалғасып жататын идеологиясын құрайды. Жаңа қоғам құруда қазақтың қалыптасқан идеологиясының көнесін жаңартып, дамытып, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық идеология тәрбиесін сіңіру міндетіміз. Ертеңіміз десек, ойымызға оралатыны жастар. Бар үміт, барша мұрат- олардың жарқын болашағы ғана емес, салауатты тұлғасы, рухани кемел болмысы. Сондықтан жастар ісі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі, мемлекеттің саясаттың бір бөлігі болып табылады.

Ұлттық тәрбие біраздан бері арнайы зерттеліп, тәжірибеде сыннан өткен озық әдістеме үлгілері бүгінде дәстүрге айналып үлгерді. Олардың бәріне айтылатын негізгі ойдың түйіні-ұрпақ тәрбиесінде жастарды рухани түлетіп, өз Отанын мақтаныш етіп, соны ғана пір тұтатын дәрежеге жеткізетін-ұлттық байлық пен ұлттық мәдениет дегенге келіп тіреледі. Әркімнің өз ісіне жауапкершілігінің артуына сөйтіп, оның дағдыға айналуына бірден-бір жетекші -қажеттілік пен өз ісіне сүйіспеншілік сезімі бүтін бір халықтың ортақ сипатқа ие түрлі салалар бойынша қол жеткізген игіліктері өзі үшін қымбат болатыны сондықтан.

Ұлт өкілінің көзін ашқаннан көргені өмірдегі бар қуанышы, ізденіс-талпынысы ұлттық игіліктермен тікелей байланысты. Мұндайда туған ел мен дәстүрдің, туған жер мен ана тілдің бойға сіңген қасиеті адам жанына жақын тұрады. Әрқашан өзгенікінен биік көрінеді. «Өз Отанын мақтан етіп пір тұту» сезімі осындай ортада өскен ұрпақ бойында күшті болады. Ұлттық сана мен болмысымызға осы озық үлгілерді сіңіре отырып, өзімізде жаңаша қалыптастыру. Ол біріншіден, озығымыз бен

тозығымызды сара- лап, табиғатымыздағы замандар бойы өзімізді ілгері сүйреп келген негізгі ұлттық асыл қасиеттерімізді айқындау. Екіншіден, таңдаулыларын мүмкіндігінше дамыта отырып, қолданысқа енгізу. Осы тұрғыдан келгенде, тағы да ғылыми тұжырымдарға арқа сүйер болсақ, өзге елдердегідей, біздің де табан тірер ең бірінші тұғырымыз-сан ғасырдың са- рабынан өткен ұлттық дәстүріміз екенін байқаймыз. Оны заман талабына лайық жаңаша сипат беріп, ұрпақ игілігіне жарату маңызды істердің бірі [3,3 б].

Қазіргі кезде оларға қазақ халқының дәстүрінің кейбір қырлары әсер ете бастаған. Демек, бұл бүгіннің өзінде қазақ жерінде ойлау жүйесі мен танымның қалыптаса бастағандығын көрсетеді. Осыған дейін, Кеңес өкіметі тұсындағы орыстанды- ру саясатының ықпалына қарамастан, ұлттық дәстүріміздегі құндылықтар өзге ұлт өкілдеріне сіңе бастаса, бұл олардың да танымынан орын ала бастағандығы, өз ұлтына тән бір ғұрыпты қазақтікімен алмастырғаны немесе өзінде жоқты толықтырғаны деп

түсінуге болады. Осы тұрғыдан келгенде, құбылыстың қазақ даласы үшін тағы бір кезеңінің басталғанын аатап өтуге болады. Қалыптасу жолында сол тарих сынының жеңіл болмасы анық. Халқымыздың аңқылдақ мінезі, өзі өлсе де досын жауға бермейтінадалдығы, Отан үшін отқа түсетін мәрттігі тағы басқалары десек тәуелсіз елдің патриот-тарын тәрбиелеу барысында да осы қасиетімізді ұштап, іске қосудың маңызы зор. Жат- ты жақын тартып бауырға тарту, қиналғанға кім екеніне қарамай қол ұшын созу қасиеті біздің бойымызда әлі бар.

Жаңа заман талабы-табиғаттың өз тектес кеңдікке құрылған ой- санамыздағы осы қасиетті сақтай отырып, онымен шектеліп қана қалмай, өзгенің де жақсылығын бағалай білу. Тарихымызға терең үңілер болсақ, тағдыры талқыға түскен оқ пен оттың арасындағы талай сын сәттерден аман өтіп, өз болмысынан жаңылмай, өмірдің мәні мен мағынасын ұрпағына өсиет ете білді. Осыншама уақыт тағы зобалаңнан кейін де барынан айрылмай, керісінше бүтін болмысын сақтай отырып, талмас төзімнің арқасында мәңгілік арман - тәуелсіздікке қол жеткізді. Мұны рухтың ұлылығы демегенде қалай атауға болады. Жастар тәрбиесінде өнеге етер үлгіміз де, ұлттық мақтанышымыз да осы-текті рухымыз, философиялық ой-түйіндеріміз, тұтастығымызды сақтап қалған, бірлігіміз бен жауға ұлтарактай да жер бермеген ерлігіміз. Туған елдің ұлылығын мақтан етуге жетерлік дәлел бұл.

Демек, тәуелсіз Қазақстан жастарының болмысын сомдауда біз басшылыққа алар, тиянақ етер құндылық ұлттық табиғатымызды сомдаған тарих өткелдері, онан алынған тағылым болуы керек. Жастарға білімнен бұрын тәрбиенің берілуі керек екенін мұнан мың жыл бұрын айтып кеткен дана бабаларымыз. Ұлттық тәрбиеге қатысты жәйттарды білім беру жүйесінде де пайдалануға болады. Мұндайда баланы оқытудың мақсаты мен мазмұны айқындалмақ, нақтырақ айтсақ, мақсат-бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ өсіру, ал оларға берілетін білімнің мазмұны- ұлттық тәрбие болып шығады. Жастардың бойындағы білімі мен тәрбиесі жақсы болған

үстіне жақсы бола түссе, оған шек қойылмайды, ал жатқылықтар бел алар түссе, ол әрине қауіпті. Сондықтан қоғамның бүтіндігі үшін тәрбиенінде бүтіндігі керек.

Тарихқа кеткен есеміздің орнын толтырудың ең бір жанды тетігі- бүгінгі және болашақұрпақ бойына отаншылдық сезімін орнықтыру болса керек. Бұл ретте отаншылдық ең алдымен білім мен тәрбиенің тұғыры болуға тиіс. Біз «отансүйгіштік», «патриотизм»,

«ұлтжандылық» деген сөздерді тәуелсіздік алғалы жиі қолданамыз. Мұндай асқақ та азаматтық сезімді жасқанбай емін-еркін сыртқа шығара алатын күнге жеткенімізге шүкіршілік етеміз. Салауатты да саналы ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау бол-са, сол қоғам иелерін жан-жақты, ақыл-парасаты мол ізетті, кішіпейіл, мәдениетті азамат етіп-тәрбиелеу-мектептің, мұғалімнің, ата-ананың қоғам алдындағы борышы.

Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы болып табылады. Ал оның ата-анаға, айналадағыларға, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді. Адамгершілік тәрбиенің негізгі міндеті-қоғамның әлеуметтік қажетті талаптарын әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты адамның ішкі стимулдарына айналдыру болып табылады.

Тәрбие үрдісін жастарға мінез бен қарым-қатынастың адамгершілік жағын ұғындыруды қамтамасыз етеді. Жастардың өз әрекеттері мен өзгелерді түсінуі адамгершілікті бағалауына және өзін-өзі бағалауға үйренуге мүмкіндік береді. Тәрбие жүйесінің тиімділігінің аса маңызды көрсеткіші баланың адамгершілік жағынан жетілуі, оның рухани адамгершілік қасиеттерінің елеулі өзгеруі болып табылады. Адамгершіліктің дамуы-тәрбие жұмысының жемісі. Бұл жүйенің өлшемі-тәрбие жұмысының пәрменділігі. Қазақ ұлтын аспандататын ұрпақ тәрбиелеу - баршамыздың еншімізде [4,18 б].

Осы орайда «отаншылдықтың» жөні бөлек екеніне мән бере бермейтініміз рас. Байыптап зейін қойсақ, «ұлтжандылық» сөздерінің өзіндік мән-мазмұны бір-бөлек

болса, «отаншылдық сөзінің де өзіндік дербес мән-мағынасы бар екенін аңғарту қиын емес. Отаншылдық-Отан жан-тәнімен сүйіп, оған қалтқысыз қызмет ету ғана емес. Отаншылдық-ең алдымен өз Отанының тарихи тек-тамырын, ғұмыр жолын, қадір- қасиетін терең білу және өз Отаны үшін асқақ сезімдерге бөлену. Тек білім-білік пен тәлім-тәрбие арқылы ғана отаншылдық сезіміне бөленуге болады.

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш-білім және білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ- егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз.

Қорыта айтқанда, жасөспірімдердің рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру арқылы, толыққанды жетілген азамат тәрбиелеуге болады. Рухани қасиет пен білім беруде адам дамуының рухани үйлесімділігін

түйсінуді қамтамасыз етеді. Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі, ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыруда және ол кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
Алматы. Білім, 1997., 171 б.
- 2 Ә.Бейсенова. Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі- ұлттық идеологияның негізі. ЕгеменҚазақстан. 2006ж., 19 сәуір
- 3 С.Әбдіманапов. Ұлттық тәрбие қоғамдық пікір тұтастығының кепілі. ЕгеменҚазақстан. 2005ж.,8 сәуір
- 4 Boldrin, Michele and David K. Levine. "Against Intellectual Monopoly", 2008, 18 p

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к., қауымдастырылған профессор м. а., Л.Т. Джумалиева

